

Республикалық меншіктегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 87 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 15 сәуірде № 20396 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 31.10.2025 № 595-НҚ (19.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 31.10.2025 № 595-НҚ (19.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған республикалық меншіктегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының мөлшерлемелері белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 31.10.2025 № 595-НҚ (19.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мыналардың:

1) "Мемлекеттік меншіктегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшерлемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 27 ақпан № 76 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10688 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Мәдениет саласындағы кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 13 қыркүйектегі № 256 бұйрығымен бекітілген Мәдениет саласындағы өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтар тізбесінің 4-тармағы және оның қосымшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17507 болып тіркелген, 2018 жылғы 12 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақпен көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі

А. Раимкулова

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрінің
2020 жылғы 14 сәуірдегі
№ 87 бұйрықпен
бекітілген

Республикалық меншіктегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының мөлшерлемелері

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 31.10.2025 № 595-НҚ (19.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Осы республикалық меншіктегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының мөлшерлемелері (бұдан әрі – жалға алу ақысының мөлшерлемелері) "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 3) тармақшасына сәйкес белгіленеді және республикалық меншіктегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының мөлшерлемелерін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 31.10.2025 № 595-НҚ (19.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Жалға алу ақысының мөлшерлемелері қалалар және елді мекендердің санатын және тарих және мәдениет ескерткішінің жалға алынған көлемін ескерумен айқындалады.

№ р/н	Қалалар және елді мекендердің санаты	Жалға алу ақысының мөлшерлемелері 1 шаршы метрге айлық есептік көрсеткіштерінде (ай сайын)		
Тарих және мәдениет ескерткіштерінің түрлері	Қала құрылысы және сәулет ескерткіштері	Археология ескерткіштері, ансамбльдер мен кешендер, киелі объектілер	Монументтік өнер құрылыстары	

1.	республикалық маңызы бар қалалар*	1,0	0,8	1,0
2.	облыстық маңызы бар қалалар*	0,8	0,6	1,0
3.	аудандық маңызы бар қалалар*	0,6	0,4	0,8
4.	кенттер*	0,4	0,4	0,6
5.	ауыл*	0,2	0,2	0,4

Ескерту:

Республикалық меншіктегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының мөлшерлемелері жалға алу ақысының мөлшерлемелерін жалға алынатын алаңның шаршы метрдегі көлеміне көбейту жолымен шығарылады.

Жалға алу ақысының мөлшерлемелері "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сай қалалар мен елді мекендердің санаттарын ескере отырып анықталады.

Республикалық маңызы бар қалалар*, оларға ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе халқының саны бір миллион адамнан асатын елді мекендер жатады;

облыстық маңызы бар қалалар*, оларға ірі экономикалық және мәдени орталықтар болып табылатын, дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар және халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекендер жатады;

аудандық маңызы бар қалалар*, оларға аумағында өнеркәсіп орындары, коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік тұрғын үй қоры, оқу және мәдени-ағарту, емдеу мен сауда объектілерінің дамыған желісі бар, халқының саны кемінде 10 мың адам болатын, халқының жалпы санының үштен екісінен астамын жұмысшылар, қызметшілер және олардың отбасы мүшелері құрайтын елді мекендер жатады;

кенттер*, оларға өнеркәсіп орындарының, құрылыстардың, темір жол стансаларының және басқа да экономикалық тұрғыдан маңызды объектілердің жанындағы, халқының саны кемінде 3 мың адам болатын, олардың кемінде үштен екісін жұмысшылар, қызметшілер және олардың отбасы мүшелері құрайтын елді мекендер жатады;

кемінде 2 мың халқы бар, жыл сайын емделу және демалу үшін келетіндердің саны кемінде олардың жартысын құрайтын, емдік маңызы бар жерлерде орналасқан елді мекендер де кенттерге теңестіріледі; оларға қала тұрғындарының жазғы демалыс орындары болып табылатын, ересек халықтың кемінде 25 пайызы ауыл шаруашылығымен тұрақты түрде айналысатын саяжай кенттері де жатады;

ауыл* – халқының саны кемінде 50 адам болатын, олардың кемінде жартысын ауыл , орман және аңшылық шаруашылығымен, бал ара шаруашылығымен, балық аулау мен

балық өсіру шаруашылығымен айналысатын қызметкерлер, олардың отбасы мүшелері және денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары құрайтын елді мекен.

Ескерту. Ескертуге өзгеріс енгізілді – ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 31.10.2025 № 595-НҚ (19.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК